

Байланыс жасау процесі: оның элементтері мен кезеңдері



Сұрақтар

1. Менеджмент жүйесіндегі көлденеңінен және тігінен байланыс жасау
2. Жеке адам аралық және ұйымдық байланыс жасау
3. Қарым-қатынастың жеке және кәсіби факторлары

Коммуникация

- Коммуникация дегеніміз қарым-қатынас, екі және одан да көп адамдардың өзара түсінісуге негізделген байланысы: бір бірінен ақпарат, мәліметтер алмасуы.



- Басшы өзінің көпшілік уақытын мәліметтер алу және шешім қабылдау үшін, біреулермен байланысуға, қарым-қатынас орнатуға арнайды. Басқарудың жоспарлау, ұйымдастыру мотивация және бақылау қызметтерін орындау да қарым-қатынас орнатуға байланысты.
- Коммуникация- басшылық етудің байланыстырушы процесі болып саналады.
- Менеджерлер өз жұмысын ойдағыдай орындау үшін тиімді қарым-қатынас орнатуы қажет



ҰЙЫМ

- Ұйым мемлекеттік реттеу тәртәбәне бағынуына тура келеді, сол себептен де есеп беріп, онда қаржы және маркетинг туралы мәлімет береді, сондай-ақ өзінің орналасуы мүмкіндіктері, жеңілдіктері т. б. Туралы деректер келтіреді. Ұйымның сыртқы ортадағы оқиғалар мен факторларға қатысуының басқа да толып жатқан әдістері бар



Коммуникация процесі.

- Коммуникация процесі.
- Коммуникациялық процесс-бұл екі немесе одан да көп адамдар арасындағы мәлімет алмасу, әрі оның негізгі мақсаты мәліметтің түсінікті болуын қамтамасыз ету.
- Коммуникация-бұл күрделі процесс және де оны жақсы түсіну үшін процесс сатыларын білу қажет



Мәлімет (ақпарат) алмасу процесінің элементтері мыналар болып саналады:

- -мәліметті жіберуші идеяны қорытушы немесе мәліметті жинаушы және оны таратып беруші
- болып саналады;
- -символдар көмегімен кодталған мәліметтің өзін хабарлау;
- -канал, мәліметті беру құралы;
- -алушы, бұл мәліметті қажет ететін адам.



Қарым-қатынас кедергісі және оны жою әдістері.

- Бірінші қабылдауға-түсініп, ұғынуға қатысты кедергілер.
- Екіншіден, байланысқа қатыса отырып және символдарды пайдаланып, мәліметтер алмасады, әрі оны түсінуге тырысады да, мұндайда сөз символын, дене қимылы мен мәліметтерді қолданады.
- Үшіншіден, вербалсыз (латынша вербалис-ауызша, сөздей деген мағынаны білдіреді) кедергілер. Вербалсыз қатынаста сөзден басқа кез келген символдар қолданылады.



- Төртіншіден, нашар кері байланыс.
- Бесіншіден, тыңдай білмеу.



Қарым-қатынас тиімділігін арттыру

- Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас тиімділігін арттыру үшін мынадай жайттар ұсынылады:



- -мүқият тыңдай білуге дағдылану;
- -өз идеяңды айтпас бұрын айқындап алу;
- -потенциалдық семантикалық проблемаларды қабылдай білу;
- -өзіңнің дене тұрысыңа, қимылыңа, дауыс ырғағыңа зер салу;
- -эмпатияға және ашық жарқын әңгімеге көңіл бөлу. Эмпатия –бұл басқа адамның сезіміне көңіл
- аудару, әрі өзара пікірлескенде, хабар алмасқанда қолдау, көңілді әңгімелесу;
- -кері байланыс орнатуға тырысу.

Ұйымдық қарым-қатынас

- Ұйымдық қарым-қатынас кедергілері және оны жою әдістері. Ұйымдық қарым-қатынас кәсіпорын қызметінің тиімділігіне едәуір ықпал етеді, сондықтан да, қандай кедергілер болатындығын, әрі мұндай алмасуды қалай жетілдіруге болатындығын білудің зор маңызы бар.



Вербалсыз қатынас құралдары.

- Әлеуметтік психологияда «дене тілі», немесе вербалсыз қатынас деген болады. Психологтардың пікірінше, адамдар арасындағы әңгімеде мәліметтің 90%- дайы вербалсыз, яғни сөзбен емес, басқадай амалдармен беріледі.



Коммуникация дегеніміз қарым-қатынас



